

Рефлексстер, оларды тексеру
әдістері.

Нерв жүйесі құрылымдарының бірлесе отырып атқаратын негізгі қызметі- рефлекс лат. reflexus- тойтарыс беру тітіркендіруге жауап беру деген мағынада. Рефлекс туралы ілімнің дамуына орыс ғалымдары И.П. Сеченовтың И. П. Павловтың және Д.К. Анохиннің еңбектері зор үлес қосқан.

Рефлекс дегеніміз орталық нерв жүйесінің сыртқы немесе ішкі тітіркендіргіштерге беретін күрделі жауабы. Рефлексстің морфологиялық негізі- рефлексстік доға яғни қозу импульстерін рецепторлардан орталық нерв жүйесі құрылымдарына, одан орындаушы ағзаға жеткізетін жол. Қарапайым рефлексстер доғасы екі нейроннан ғана құрылады да жұлынның сегмент аппаратында тұйықталады.

Көбінесе рефлексстік доғалар құрылымы күрделірек болып келеді де олар да афференттік және эфференттік нейрондардан басқа бірнеше көмекші нейрондар болады. Рефлексстік доға орталық нерв жүйесінде неғұрлым жоғары тұйықталса, рефлекссте соғұрлым күрделі болып саналады. Мәселен сопақша ми деңгейінде тұйықталатын жөтел рефлексі доғасында бірнеше эфференттік нейрондар бар. Олар қабылданған импульстарды бір мезетте диафрагмаға, кеуде және іш бұлшық еттеріне, көмекейге, кеңірдекке т.б. эфференттерге бағыттайды.

• Рефлекс түрлері

Марфологиялық және физиологиялық ерекшелігіне қарай рефлексдер бірнеше топтарға бөлінеді.

Рефлексдердің барлығы Павловтың зерттеулері нәтижесінде шартты және шартсыз рефлексдер болып екіге бөлінеді.

Шартсыз рефлекске туа біткен және іс-әрекеттердің белгілі бір түріне ғана лайықты рефлексдер жатады.

Шартты рефлексдер онтогенез барысында, яғни адам өсе есін біле келе жаңа машыққа, әдетке, тәртіпке үйренуіне қарай қалыптасады. Олар шартсыз рефлексдер негізінде ми қыртысының тікелей араласу нәтижесінде қалыптасады. Адамда шартсыз рефлексдер жұлын ми бағаны ми қыртысы астындағы түйіндер және ми қыртысы қызметтерінің ықпалы арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті шартсыз рефлексдер жұлын, жұлын бағаны, ми қыртысы асты т.б. рефлексдер болып жіктеледі.

Рецепторлардың орналасуына қарай экстерорецептивтік-сыртқы, интерорецептивтік-ішкі, проприорецептивтік-өзіндік рефлексдер болып жіктеледі.

Экстерорецептивтік рефлекс рецепторлары дене сыртында орналасқан. Яғни теріде, көздің кілегейлі қабығанда т.б. орналасқан . Олар сырттан келіп түсетін тітіркендіруші әсерлерді қабылдайды.

Интерорецептивтік рефлекс рецепторлары ішкі ағзаларда тіндерде, қан тармырларда, ал проприорецептивтік рефлекс рецепторлары сіңірде, буын қабында орналасқан.

Нерв жүйесінің сомалық және вегетативтік жүйе болып екіге бөлінуіне байланысты оларға қатысты рефлексер сомалық және вегетативтік рефлексер болып жіктеледі.

Қимыл әрекетіне қарай жұту, кірпік қағу, жөтелу, қимылдау рефлексерін ажыратуға болады.

Орталық нерв жүйесінде пайда болатын құбылыстар түріне лайықты қоздырушы және тежеуші рефлексер бар.

Рефлекстік доға құрамындағы неврондар санына қарай екі, үш және көп нейрондар рефлексер болып та жіктеледі.

- Рефлексдерді тексеру орталық нерв жүйесіндегі доғаларының тұйықталатын деңгейлеріне сәйкес жоғарыдан төмен қарай яғни ми бағанынан жұлынның соңғы сегменттеріне қатысты құрылымдары қызметінің дұрыс-бұрыстығына барлау арқылы жүзеге асырылады.
- **Үстірт рефлексдер**, теріні көздің мөлдір қабығын немесе кілегей қабықтарды тітіркендіру арқылы білінеді. Олар:
- **Көздің мөлдір қабығы рефлексі**- көздің мөлдір қабығына мақтаның ұшталған талшықтары мен немесе қағаздың ұшымен жанастыру кезінде қабақтың жұмылуы.
- **Көз шырышты қабығы рефлексі**- көз шырышты қабығына мақтаның ұшталған талшықтары мен немесе қағаздың ұшын жанастыру кезінде қабақтың жұмылуы.

Терең рефлексстер

- *Астыңғы жақ рефлексі*- иекке батырылған саусақты неврологиялық балғаммен соққанда шайнау бұлшық еттерінің ширығуы.
- *Білезік буын рефлексі*- кәрі жіліктің шыбығын неврологиялық балғамен соққанда қолдың білезік тұсында бүгілуі.
- *Шынтақ жазылу рефлексі*- үш басты бұлшық еттің сіңірін неврологиялық балғамен ұрғанда қолдың шынтақтан жазылуы.
- *Шынтақ бүгілу рефлексі*- екі басты бұлшық еттің сіңірін неврологиялық балғамен соққанда қолдың шынтақтан бүгілуі.
- *Тізе рефлексі*- тобықты неврологиялық балғамен соққанда төрт басты бұлшық еттің ширығуына байланысты аяқтың тізеден жазылуы.
- *Өкше рефлексі*- өкше сіңірін неврологиялық балғамен соққанда үш басты бұлшық еттің ширығуына байланысты

Оральдық автоматизм рефлекстері- ми қыртысы бұлшық ет жолының орталық неврондары екі жағынан зақымданғанда пайда болады.

Қол ұшы парологиялық рефлекстері- қол ұшы тұсын әр жерінен тітіркендірген кезде оның саусақтарының ақырындап бүгілуі.

Бабинский рефлексі- табан астының сырт жағынан үшкір нәрсемен сызғанда пайда болады.

Оппенгейм рефлексі бас бармақты жіліншіліктің қырын баса жоғарыдан төмен қарай жүргізу арқылы анықталады.

Гардон рефлексі сырқаттың балтырын ұстап қысу арқылы көрініс береді.

Шеффер рефлексі өкше сіңірін қатты шымшып қысу арқылы айқындалады.

- Россолимо рефлексі 2-5 бақайлардың ұшын дәрігер саусақтарының ұшымен түрткілеп соғу арқылы байқалады.
- Бахтерев 1 рефлексі аяқ ұшының үстін 4 бақай тұсында балғамен соғу арқылы байқалады
- Бахтерев 2 рефлексі неврологиялық балғамен өкшені немес бас бармақ томпағын соққанда аяқ бақайларының немесе қол ұшы саусақтарының бүгілуі.
- Жуковский рефлексі табанның саусақтарға жақын тұстарын неврологиялық балғамен соғу арқылы білінеді.

Патологиялық рефлексстерге осы жоғарғы аталғандардың басқа аяқ ұшымен тобықтың ырғақты түрде қимылдауы және қорғаныш рефлексстеріде жатады.